


## 65-ТАЛАҚ СҮРЕСІ


Мединеде түскен. Он екі аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Эй Пайғамбар! Қашан әйелдерінді талақ, қылсаңдар, сонда оларды белгілі мерзімінде ажыратындар және о мерзімді есептеңдер. Раббыларың Алладан қорқындар. Оларды үйлерінен шығармандар әрі олар да шықпасын. Бірақ олар ашық бір арсыздық істесе, ол басқа. Міне бұл Алланың шектері. Ал кім Алланың шектерінен шықса, расында ол, өзіне қастық қылған болады. Білмейсің, мүмкін Алла, бұл уақығадан кейін бір жағдай пайда қылар. (2-С. 228-234-А.) (1) Ал қашан олардың мерзімдері жетсе, оларды дұрыстықпен үстаңдар немесе туралықпен ажыратындар. Сондай-ақ өздерінен екі әділ кісіні айғақ қойындар. Куәлікті Алла үшін толық орынданадар. Міне осылармен; Аллаға, ахирет күніне иман келтіргендер үшін насиҳат етіледі. Кім Алладан қорықса, оған бір шығар жол пайда қылады. (2) Оған, Алла, ойламаган жерден ризық береді. Ал кім Аллаға тәуекел қылса, сонда Ол, оған жетіп асады. Сөзсіз Алла өз бүйрығын



атқарады. Расында Алла, әр нәрсеге бір өлшеу қойған. (3) Етеккірден қалған әйелдерің нен күмәндансандар, олардың "ғыддаты" мерзімі үш ай. Және әдет көрмеген әйелдердің мерзімдері де сондай. Ал және жүкті әйелдердің мерзімдері олар босанғанға дейін. Кім Алладан қорықса, оның ісіне ойайлық жасайды. (4) Міне осы, Алланың сендерге түсірген бүйрықтары. Кім Алладан қорықса, оның жамандығын жояды да сауабын зорайтады. (5)



(Ажырасып, мерзім күткен) әйелдерді шамаларың келгенінше, түлөрінде тұрғызындар. Оларға зорлау түшін тұрткі салмандар. Егер олар жүкті әйелдер болса, сонда оларға босанғанға дейін нафақа беріндер. Егер ажыраган әйелдер, сендер түшін бала емзірсе, сонда олардың жалақыларын беріндер. Өзара дұрыстықпен ақылласындар. Егер (ер аз беріп, әйел көп тілеп) бір-біріңе ауырлық салсаңдар, баланы басқа әйел емзіруге болады. (6) Кеңшілік иесі бай кісі; өзіне

Алланың бергені бойынша нафақа берсін. Алла біреуге оған бергенінен артық жүктемейді. Алла, ауышылықтан кейін жеңілдік береді. (7) Қаншалаган кент Раббыларының және елшілерінің әмірінен бас тартты. Сонда оларды қатаң түрде есепке тартып, өздерін жаман азаппен қинағанбыз. (8) Сонда өз істегендерінің сазайын татты. Негізінен олардың істерінің соңы зиян. (9) Алла оларға қатты азап әзірлеген. Эй ақыл иелер! Алладан қорқындар. Иман келтіргендер, Алла сендерге бір зікір (Құран) түсірді. (10) Сондай иман келтіріп, жақсы ғамал істегендерді қараңылықтардан жарыққа шыгару түшін Алла сендерге аяттарын оқитын бір Елші жіберді. Кім Аллаға иман келтіріп, жақсы ғамал істесе, Алла, оны астарынан өзендер агатын әрі онда мәңгі қалатын ұжмақтарға кіргізеді. Расында Алла, оған нендей көркем несібе берді. (11) Ол сондай Алла, жеті кекті жаратқан және жерді де солар сияқты жаратқан. Құмәнсыз Алланың әр нәрсеге күші толық жетегіндігін білулерің түшін әмірлері жер мен көктің арасына түсіп тұрады. Сондай-ақ Алланың білімі әр нәрсені ішпіне алады. (12)